

2 Түлеген түбектің толағай табысы

(Соңы. Басы 1-бетте).

жөнінде бірқатар игі шаралар жүзеге асырылуда, деді Елбасы.

Соңғы жылдары Қазақстан әскерінің жауынгерлік қабілетін арттыру мақсатында, Ресей, Қазақстан, Тәжікстан, Қырғыз Республикасы қарулы күштерінің тікелей қатысуымен “Батыс-2003” және “Рубеж-2006” ірі ауқымда стратегиялық жаттығулар өткенін айта келіп, қарулы күштердің лаңкестікке қарсы операциялар жүргізу бойынша өзара іс-қимыл мәселелері пысықталғанын жеткізді. Және де жауынгерлердің жоғары кәсіби шеберлік танытқанын қанағат сезіммен атап өтті.

Президент әскери қызметшілердің алдағы уақытта да өз шеберліктері, қару-жарақ пен әскери техниканы жете меңгерулері арқылы аға ұрпақтың даңқты ерлік дәстүрін жалғастырып, еліміздің қорғаныс қабілетін нығайтуға лайықты үлес қосатындарына сенім білдірді.

Кеме капитаны Бейсенғали Байботаев, теңіздегі жаяу әскерлер бригадасының сержанты Дәулет Жәнібеков Каспий аймағы мен туған еліміздің шекарасын қорғауда еліміздің Жоғарғы Бас қолбасшысының кез келген бұйрығын бұлжытпай орындауға дайын екендіктерін білдірді.

Бұдан кейін Елбасы Қарақия ауданының аумағында орналасқан металл құрылғыларын шығаратын “Ер Сай” Қазақстан-Италия бірлескен кәсіпорнына келді. Компания еліміздің “ЕРС Холдинг” және Италияның “Сайпем” компанияларының құрылтайшылығы-

мен өмірге келді. Кәсіпорын Қарақия ауданы аумағындағы Құрық елді мекені маңайынан 50 гектар аумақтағы өндірістік алаңды алып жатыр. Құрылысына 100 миллион АҚШ доллары көлемінде қаржы салынған, қуаттылығы жылына 18 мың тонна болатын металл құрылғылары зауыты қысқа мерзім ішінде аяқталды. Бүгінгі таңда ол — Каспий теңізі кеніштері үшін, сонымен қатар Каспий акваториясындағы теңіз кемелерінің құрылысы үшін қажетті Қазақстандағы алғашқы зауыт.

Нұрсұлтан Әбішұлы зауыт еңбеккерлерімен жүзбе-жүз кездесіп, емен-жарқын әңгімелесті. Екі-үш жыл бұрын келгеніме бұл жер ең дала еді. Енді бүгін осында бой көтерген қуатты зауыттың құрылысын көріп қуанып тұрмын. Бұл елдің жетістігі, сіздердің қажырлы еңбектеріңіздің жемісі. Өндіріс өркендей берсін, болашаққа сеніммен қараңыздар, деп сөзін қорытындылады Елбасы.

Кәсіпорында жаңадан мыңдаған жұмыс орнының ашылуы Құрық елді мекені тұрғындарының басым бөлігін жұмыспен қамтамасыз етуге жағдай жасады.

Мемлекет басшысы Қазақстандағы мұнай өндіру 2015 жылы 150 миллион тоннаға дейін өседі деп көзделуде, бұл экономикамыздың серпінді дамуы үшін аса қолайлы алғышарттар жасайды. Теңіз табанында мұнай өндірудің инфрақұрылымдық жүйесін дамыту — маңызды қадам. Біз тек мұнай мен газды өндіріп қана қоймай, оны кластерлік бағытта жетілдіруіміз қажет.

Бұл аса ауқымды жұмыс Каспий теңізінің қазақстандық секторындағы жағалау алаптарын дамытудың кешенді жоспары негізінде жүзеге асырылады.

Облыста жыл сайын 22 миллиард теңгенің өнімін өндіретін қайтадан ашылған бес кәсіпорынның барлығы — болашақ мол өнімнің кепілі.


Бұл кәсіпорындарда 2500-ден аса адам еңбек етеді. Ал жобалық қуаты барынша артқан кезде олар 3500 адамды жұмыспен қамтамасыз ететін болады.

Теңіздегі Қашаған кенішін игеруде осы зауыттың рөлі зор. Өйткені, ол теңіздегі бұрғылау платформалары мен құрылғыларды, диаметрі 800 миллиметрлік, салмағы 300 тоннаға жететін ірі тоннажды құбырларды осы жерде дайындап, жеткізу көзделген. Мұндай құбырлар құрастырғанда ауырлығы ондаған мың тоннадан асатын көрінеді.

Мемлекет басшысының мұнайлы Маңғыстауға екі күндік жұмыс сапары кезінде жанына Энергетика және минералдық ресурстар министрі Владимир Школьник, Қорғаныс министрі Мұхтар Алтынбаев, Көлік және коммуникациялар министрі Серік Ахметов, Маңғыстау облысының әкімі Қырымбек Көшербаев еріп жүрді.

Қуат БОРАШ,
Жоламан БОШАЛАҚ,
“Егемен Қазақстан”.

Суреттерді түсіргендер
С.БОНДАРЕНКО, Б.ОТАРБАЕВ.



Қазақстанмен қарым-қатынасқа мүдделілік

Брюссельде сапармен жүрген ҚР Сыртқы істер министрі Қасымжолар Тоқаев 4 қазанда НАТО бас хатшысы Я.де Хооп Схеффермен кездесіп, қауіпсіздік және қорғаныс саласында Альянспен ынтымақтастықты нығайту мәселелерін талқылады.

Келіссөзде аймақтағы ахуал, соның ішінде Ауғанстанды қалпына келтіруге байланысты бірлескен күш-жігердің келешегі төңірегінде келелі әңгіме болып, терроризм, экстремизм және есірткі тасымалына қарсы күрес жайы көтерілді.

НАТО бас хатшысы Қазақстанның Орталық Азиядағы басты рөліне тоқталып, еліміздің аймақтық һәм жаһандық ауқымдағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қосып отырған үлесін атап өтті.

Сондай-ақ, Қ.Тоқаев “26+1” форматта өткен НАТО Кеңесінің отырысына қатысты, онда Қазақстан Республикасы мен Еуроатлантикалық альянс арасында қаңтарда жасалған Әріптестік іс-қимылдың жеке жоспарының (ӘІЖЖ) жүзеге асырылуы қарастырылды.

Қазақстандық дипломат өз сөзінде және көптеген сұрақтарға жауабында өзара түсіністіктің қол жеткен деңгейіне қанағат білдіріп, ӘІЖЖ-ні жүзеге асырудың барлық қырларында ынтымақтастықты үдете берудің маңызына тоқталды.

НАТО-ға мүше мемлекеттер Қазақстанды “қауіпсіздіктің талассыз экспорттері” ретінде мойындай келе, біздің елімізде жүргізіліп жатқан экономикалық және саяси реформаларды жоғары бағалады.

Сол күні СІМ басшысы Еуропалық Одақ құрылымдарындағы келіссөздерін жалғастырды. Қ.Тоқаев ЕО Кеңесінің бас хатшысы — ЕО-ның Бірлескен қорғаныс және қауіпсіздік жөніндегі жоғарғы өкілі Х.Соланамен (суретте) және ЕО-ның Сыртқы байланыстар және еуропалық көршілестік саясат жөніндегі комиссары Б.Ферреро-Вальднермен кездесті.

Х.Соланамен болған өзара сенімді сұхбат барысында халықаралық күн тәртібінде тұрған кең ауқымды мәселелер талқыланды. Қ.Тоқаев Қазақстанның ауған экономикасын қалпына келтіру және бұл елдегі жағдайды тұрақтандыруға қол ұшын созуға дайындығын мәлім етті.

Сапар бағдарламасының бұл күнін аяқтай келе, қазақстандық сыртқы саясат ведомствосының басшысы Бельгияның Корольлік халықаралық



қатынастар институтында сөз сөйледі. Кездесулер мен келіссөздер еуропалық құрылымдардың Қазақстан Республикасымен көп қырлы ынтымақтастықты тереңдетуге деген мүддесін және бұрынғы кеңестік кеңі-

тіктегі барынша табысты лидерлердің бірі ретінде Еуропада жақсы білетін Президент Н.Назарбаевтың беделін көрсетіп берді, деп хабарлады Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің баспасөз қызметі.